



ЖАРКЕНТ ӨНДІРІ

№ 40
(9226)
ЖҰМА
1
ҚЫРКҮЙЕК
2023 жыл

WWW.Z-O.KZ



JARKENT_ONERI@MAIL.RU

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет

ҚЫСҚАША

ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Елімізде әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушылары мектеп асханаларында тегін тамақтанады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл қыркүйектің 1-інен бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан 1,5 миллионнан астам оқушы, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру жоспарлануда» делінген ведомство таратқан ақпаратта.

Республика бойынша тегін тамақтану құны орташа есеппен 577 теңгені құрайды. Осыдан бұрынғы жылдарда 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту 56,6 пайызды құрады.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША

Елімізде жұмысынан айырылған 126 мыңнан астам адам әлеуметтік төлем алды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45 пайызына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

ЖОМАРТ КҮЗДІҢ ТАРТУУЫ елімізде астық жинау басталды



Диқан мен егінші қауымының ала жаздай атқарған қарбалас жұмыстарының жемісін таразылар сәт туды. Алтындай тербелген алқапта комбайнның гүрілін жұртшылық та көптен сағынып күткен еді.

Жазиралы Жаркент жерінде жүгері ору басталды. Бәлкім, аңызғақ жел мен аптап ыстықтың әсері ме, биыл бұл науқан жылдағыдан сәл ертерек қолға алынады. Енді диқандар егін жинауға кіріспек...

Міне, қыркүйек айы да туды. Осы айда аптап ыстық басылып, мал жайылып, егін-тегін, бақша өнімдері толық піседі, шаруаның ала дорбасына түседі.

Қыркүйекте ауа райы салқындайды. Шық түседі, шуақты күндер де бар.

Жұмадан жұмаға дейін
Ақпарат ағыны

АРДАҚТАЛДЫ АТА ЗАҢ



Кемел келешегімізге кереметтей кепілдік берген – Конституция күні мерекесі ауданымыз аумағында атап өтіліп, көпшілікті қуаныш құшағына бөледі.

Мерейлі мереке салтанатына арналған митинг орталық алаңда өтіп, жұртшылықтың жарасымды шаттығын еселеді.

Ата Заңымыздың абыройын асқақтатқан бұл мерейлі шара қуанышында аудан әкімінің орынбасары Төлеухан Керімбеков сөз сөйлеп, аудан әкімі Марат Сағымбектің құттықтауын жеткізіп, өңірде жемісті еңбек еткен азаматтарға аудан әкімі атынан «Алғыс хат» табыстады.

Мереке шаттығы концертке ұласып, аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері мерекелік бағдарламаларын ұсынып, арнайы қойылым көрсетті.

ЫДЫСТЫҢ ДА ҰРЫСЫ БАР

Бүгінде қоқыс қалдықтарының іске асып, халық қажетіне жарап жатқанын кім білмейді. Ендігі кезекте айналамызда шашылып жатқан пластмасса құтыларының (бөтелкелерінің) да кәдеге жарайтын күні туып отыр.

Ауданымыз аумағында осындай пластмасса құтыларын қабылдайтын орынның ашылғанын біреу білсе, біреу білмес. Ендеше, шашылып жатқан бос құтыларды жинап өткізіп, ақшасын алақаныңа сал, ағайын! Мұның өзі бір жағынан қаражат көзін табу болса, екінші жағынан қоршаған ортаның тазалығына да әсерін тигізбек.



Биыл ауданымыздағы 50 білім ұясының табалдырығын 27 мыңдай оқушы аттаса, оның 2731-і бірінші сыныпқа барыпты.

ҚОҢЫР ҮН. КҮМІС ҚОҢЫРАУ

Бүгін кең байтақ Отанымыздың барлық мектептерінде алғашқы қоңырау соғылып, қоңыр үн үлкен-кішінің жүрек қылын тербеді. Бұл әрбір ұл мен қыздың есінде мәңгі қалатын қуанышы бөлек, шаттығы шалқар

сәт. Ал олардың ата – аналарының да ұрпағының тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын алтын ұя мектебіне деген ілтипаттары мен ізетін алғашқы қоңырау соғылған сәттегі тебіреністерінен айқын аңғаруға болады.

КӨҢІЛДЕГІ КӨРІКТІ ОЙ

Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

АБАЙ.